

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
«Бәйшешек» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

04-05

Педагогикалық кеңесінің хаттамалары және олардың құжаттары

Тұрақты
16 тармақ (9)

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар
және олармен бірдей
электрондық құжаттар

Басталуы 2021-2022 оқу жылы

2023-2024

ОКУ ЖЫЛЫ

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама

Откізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжайы

Откізілген күні: 31.08. 2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 11 адам

Қатысқаны: 11 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаз мезгіліндегі жұмыстардың қорытындысы.

Шаруа менгерушісі: Арсланова А.

2. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы З тамыздагы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартымен және 2023–2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен» таныстыру

Әдіскер: Бектемирова А.Е.

3. 2023 -2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

Менгеруші: Ж.А.Булекбаева

4 . Бөбекжайды топтардың жасына қарай музыка, дene шынықтыру іс-әрекетінің қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды, күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.

Әдіскер: Бектемирова А.Е.

5. «Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.

Медбике: Потапова Н.В.

6. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы органды құру сапасын талдау.

Әдіскер: Бектемирова А.Е.

Баяндама 15 минут. Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссеңзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау.

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып беріп, педагог қызметкерлермен жақынырақ танысып, өзін таныстырып, жаңа оқу жылының басталуымен күттүкшіліктерін жеткізді. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

Тындалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша шаруа менгерушісі Арсланова Альмира бөбекжайда жаз мезгілінде жасалған

жұмыстардың корытындысы туралы айтты. Бөбекжайдың ауласын, топтарды, асхананы, дәліздерді әктеу, сырлау жұмыстарының жүргізілгенін айтты.

Жарыссе зеңгілдер: бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, жаз мезгілінде күн тәртібі, жоспарға сай ойын-сауық іс-шаралар жоспарлары бекітіліп, жүргізілді. Қауіпсіздік ережелерін сактап ойын-сауыктар өтті.

Жетістіктер, кемшіліктер сол уақытысында айтылып, талданып отырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай-бакша әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызыдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2023 – 2024 оку жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті және Мектепке дейінгі тәрбиелуе мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурызыдағы № 137 қаулысын еске түсіріп, шолу жасады. Откен оку жылындағыдай жаңа стандартта ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу degi өзгерістерге қайта тоқталып, ұйымдастырылған іс-әрекеттің осы таңда қалай жүргізіліп жатқаны туралы айтты. Балалармен ойын түріндегі кірістірілген іс-әрекеттердің жұмыстары жайлы айтып өтті. Мектепке дейінгі тәрбиелуе мен оқытуды дамыту моделіне тоқталып, қандай бағыттар берілгені жайлы айтып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оку жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта жаңа стандарт пен модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде одан әрі дамытып, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы өткізуге тапсырма берді.

Жарыссе зеңгілдер: тәрбиеші Кенжебекова Эльмира іс-әрекетті ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрақ қойды.

Сөйлемді: әдіскер Бектемирова Ақбота ойын түріндегі ұйымдастырылған іс-әрекет туралы сұраққа жауап беріп, үлгілік оку бағдарламасындағы міндеттер бойынша перспективалық жоспар құрылатынын, міндеттерді орындау үшін балаларды ойната отырып, балаларды дамытып, күнделікті іс-әрекеттерді кіріктіріп өту керектігін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жүктеме, сабак кестесі болмайтынын тағы да түсіндірді.

Тәрбиеші Спатаева Айнур сөйлеп, ойын аймақтарын толықтыруға, тағы да жаңа ойыншықтар қосуға ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бакша менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы сөз алғып, 2023-2024 оку жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыруды.

Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық есік күндерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестер, шебер сыныптардың тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оқу жылында жаңа стандартпен үйымдастырылған іс-әрекеттерді, балалармен жасалатын жұмыстарды өткізуге әдістемелік көмек ретінде шебер сыныптар тақырыптары қосылғанын айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан бекітуге ұсыныс айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Акбота Есенгельдыевна сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай тек қана мектепалды даярлық тобының іс – әрекет кестесімен, перспективалық жоспармен, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып өтті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша медбике Потапова Наташа Васильевна «Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын үйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептикердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарысsezге шыққандар: бөбекжайдың менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердікызы сөйлеп, тазалық талаптары туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Акбота Есенгельдыевна Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйлемді. Балалардың жан –жакты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емесін айтып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие

мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2023 – 2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысында көрсетілген талаптар орындалсын.

2. 2023-2024 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Бөбекжай-бақшадағы топтардың жасына қарай ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, перспективалық жоспар, күн тәртібі және үлгілік оқу жоспары бекітілсін.
4. «Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны күру дидактикалық материалдармен толықтырылсын.

Педагогикалық кеңес (байланыс):

Хатшы:



Булекбаева Ж.А.

Бектемирова А.Е.

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Откізілген орны: «Бәйшешек» бебекжай-бақшасы»

Откізілген күні: 29.11.2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Қатысқаны: 10 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы. Байқаудың қорытындысы
3. Баяндама: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тәрбиешілерге кеңес
4. «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру корытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бебекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы аптық, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді. 2023-2024 оку жылдарының жылдық жұмыс жоспары, топ бойынша жылдық жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері бекітіліп, жүргізіліп жатқанын айтты.

Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы тақырыбында бақылаудың нәтижесі туралы және таңертенгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқылашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы туралы сөйлемді. Ортағы «Балбебек», ортағы «Балапан», ересек «Звездочка», мектепалды даярлық «Вишнека» топтарындағы денсаулық бұрышының жабдықталуы тексерілді. Барлық топта денсаулық бұрыши бар, обручтар, кеглилер, кедергілер, арқан, секіргіштер т.б. құралдар бар, дегенмен тағыда спорттық ойын-сауыктарға қосымша спорттық құралдар қажет, әр топқа волейбол және футболға арналған доптар қажет екенін айтты. Таңертенгілік жаттығулар барлық топтарда кестедегі күн тәртібі бойынша жасалынып жатыр.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна тәрбиешілерге

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды.

Балалардың шығармашылық киялы мен қабілетін дамыту, олардың практикалық дағдыларын иемденуі сәбілік кезеңиен басталады. Балалар тілді менгерे отырып, заттарды, олардың қасиеттері, белгілері туралы білімді игере бастайды. Мектепке дейінгі балаларға арналған көркем шығармалар баланы шыныай болмысты накты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп, баяндаған, баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытады, көркем өнерге қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалар сурет өнерімен жалпы топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінен тыста, ойынға бөлінген уақыт мезгілінде де шұғылдануға болады. Тәрбиеші бұл ынтаны алған сурет салу дағдыларын қолдануда баланың шығармашылығын қолдап отыруға мүмкіндік жасауы қажет. Жалпы келгенде, бейнелеу өнерін стандарт бойынша үш топқа бөлеміз.

Әдіс-тәсілдер.

Осы бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тәрбиеленушілердің дарындылығын дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамыз.

Күммен сурет салу; Бір басылым; Бастырма; Нұктелі арқылы сурет салу;

Әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу;

Сия тамшысымен саусақпен сурет салу. «Жіп» графикасы, тіс пастасы.

Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды менгеріп, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді. Бейнелеу іс-әрекеті барысында тәрбиенің сенсорлық ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік алуан түрлі жақтары жүзеге асырылады. Бала ақыл-ой операцияларының негізінде өз жұмысының нәтижесін ойша елестетіп алыш, содан кейін әрекет ете бастайды. Олар іс-әрекетке кірісер алдында өздерінің қалыптасқан түсініктерінің негізінде ақыл-ойдың алға қойған міндеттерін шешу үшін оны жүзеге асырудың әдістерін іздестіреді. Бала бойындағы шығармашылық қабілетті дамытуда оған педагогикалық басшылықты қажет етеді. Көзге көрсете отырып, оның қалай салатының және оңайдан қынға, қарапайым түрден күрделіге ауысу жолын қарастыру.

Сурет салу кезінде бала әртүрлі сезімде болады: қуанады, ойынан шықпай қалса ренжиді және т.б. кейбірі табысқа қол жеткізуғе талпынады, кейбірінің қызығушылығы басым болады. Осы кезде тәрбиешінің сезімталдықпен қарап көмекке келуі қажет. Сурет салған кезде бала үйренеді, қоршаған орта туралы түсінігі терендей нығая түседі. Баланың психикалық дамуында бұның маңызы зор. Яғни, бір затты бейнелей отырып бала оның сюжетін жасайды, ол туралы өз сезімін көрсетеді. . Бұл жерде Аристотельдің мына сөзін есте ұстау қажет. «Сурет салу баланың жан-жақты дамуына жағдай жасайды». -деп баяндамасын аяқтады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, «Дене шынықтыру» іс-әрекетінің барысы туралы тақырыптық тексеру қорытындысы туралы сөйледі. «Дене шынықтыру» іс-әрекеті «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына »

сәйкес ортаңғы (3-жастаң), ересек (4-жастаң), Мектепалды даярлық (5-жастаң бастап) топтарында жас ерекшеліктеріне сай жоспарланып өтілуде. Күнделікті ұйымдастырылған әс-ірекеттің өтілу барысын бақылау кезінде кемшіліктері айтылып, кемшіліктер дер кезінде жойылып, талапқа сай өткізіліп жатыр.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімі «жақсы »деп бағалансын.
2. «Денсаулық» бұрышының жабдықталуы және танертенгілік жаттығулар кешенінің, ұйқыашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жағастырылсын.
3. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» атты баяндама айтылған мәселелер тәрбиелік шараларда қолданылсын.
4. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптық тексеру қорытындысы «жақсы»деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес тарихының



Ж.А.Булекбаева

Хатыны

А.Е.Бектемирова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары
№3 хаттама

Откізілген орны: "Бәйшешек" бөбекжай-бақшасы»

Откізілген күні: 30.01.2024 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Катысқаны: 10 адам

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. Баяндама «Ойын арқылы баланы дамыту және тәрбиелеу»
3. Балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамыту мақсатында «Қыс кереметі» шебер қолдар көрмесінің қорытындысы
4. Балалардың - Физикалық қасиеттерді дамыту;
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың – аралық мониторинг қорытындысы

Жалпы уақыт: 1 сағатта кеңес отырысын аяқтау

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай-бақша менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырыды.

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді. Дене шынықтыру іс-әрекетіне қажетті құрал жабдықтардың (доп, секіртпе, обруч т.б) толықтырылып жатқанын айтты.

Тындалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна «Ойын арқылы баланы дамыту және тәрбиелеу» тақырыбында баяндама оқыды.

Ойын – балалар үшін құрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайdan алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы заттары, т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет

ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын көнегітеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуды бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашкы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезінү, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Түрлі психологиялық сезім әрекетіне сүнгиді. Ойын үстінде бала бейнебір өмірдің өзіндегіндей қуаныш пен реніш сезімінде болады.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамыттын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың енбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойланған отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сактау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді деп бірнеше ойын түрлерін мысалға келтіріп сөзін аяқтады.

Тындалды: Күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың тәрбиешісі Турдалиева Гулжан сөйлеп, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажыраты біліп, қыс бейнесін бейнелеп үйрену мақсатында өткізілген «Қыс кереметі» шебер қолдар көрмесінің қорытындысы туралы сөйледі. Мектепалды даярлық «Вишненка», ересек «Звёздочка», ортанғы «Балбөбек» және ортаңғы «Балапан» тобының балаларының арасында шебер қолдар көрмесі ұйымдастырылды. Балалар өз ой- қиялдарымен «Қыс кереметі» тақырыбында ата-аналарымен бірлесіп түрлі қол бұйымдарын жасады. Балалардың қыс мезгілінің ерекшеліктерін бейнелеп жасауға деген қызығушылықтары артқанын айтты. Балалардың жұмыстары көрмеге қойылып, топтар арасында орындар белгіленіп, алғыс хаттар берілді.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төргінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, балалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету, аралық мониторинг нәтижесі туралы сөйледі. Балалардың білімі күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттер биылғы стандарттағы өзгерістермен талапқа сай жүргізуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін және қабілеті төмен балалармен жұмыстар жүргізілгенін айтты. Балалардың қабілеттері бағаланып, жеке даму карталары толтырылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Отken педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы»деп бағалансын.
2. Баяндама «Ойын арқылы баланы дамыту және тәрбиелеу» атты баяндама айтылған мәселелер, кеңестер тәрбиелік шараларда қолданылсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Қыс кереметі» тақырыбындағы шебер қолдар көрмесі жалғастырылсын.
4. Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы «жақсы»деп бағаланып, оқу тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес мемлекеттік міншілік  **Ж.А.Булекбаева**



 **А.Е.Бектемирова**

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№4 хаттама

Откізілген орны: «Бәйшешек» бебекжай-бақшасы»

Откізілген күні: 27.03.2024 жыл.

Педкенес мүшелерінің барлығы: 10 адам

Катысқаны: 10 адам

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. Дөңгелек үстел: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену"
3. Баяндама: «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары»
4. Оқу - тәрбие жұмыстарының откізулу барысы туралы
5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бөбекжай-бақша менгерушісі Булекбаева ЖанараАкбердікызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырыды.

Откен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы айтып өтті.

Сөйлемді : Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота сөйлеп, «Ұлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізben пікір алmasып, дөңгелек үстел откізілетінін айтты.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік бағдарламасы" (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14- қазандағы №422) бұйрығы негізінде мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгерулері қажет екенін және қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы айтып, педагогтармен пікір алмасты.

Жарыссөзге шыққандар: ортаңғы «Балбөбек» және «Балапан» тобының тәрбиешілері Спатаева Айнур, Наримбаева Улжалгас, Турдалиева Гулжан, Жунисбекова Ақдидар өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын ортаңғы топ бұлдіршіндерінің жас ерекшеліктеріне сай ұлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын менгерулері қажет екенін және қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін айтып берді.

Ересек «Звёздочка», тобының тәрбиешілері Кудайбергенова Куляш,

Шакирова Молдир ересек тобы бүлдіршіндеріне үлгілік оку бағдарламасы бойынша нені менгерту керек екені жайлы айтты.

Мектепалды даярлық «Вишенка» тобының тәрбиешілері Серикбаева Гульнара, Канапиянова Алия мектепалды даярлық тобының үлгілік оку бағдарламасының міндеттері жайлы сөйлемеді.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оку бағдарламасы бойынша бүлдіршіндерге нені менгерту керек екендіктері жайлы мәлімет алып, оқып үйренді.

Сөйлемді : Құн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Турдалиева Гульжан «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» тақырыбында баяндама оқыды.

Балаларға білім беруде, адамгершіліктің ең күнды қасиеттерін бойына сініріп тәрбиелеуде, білім мекемелерінен, үстаздардан, әрине ата-аналардан шығармашылық себептерді талап етеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Мектепке дейнгі тәрбие бағдарламасы балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке деген дайындығын қарастырады. Жас үрпакты саналы, сергек етіп тәрбиелеу-отбасы мен балабақша қызметкерлерінің бірден-бір парызы. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан үрпакты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола біletін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда халық педагогикасының маңызы зор. Еліміздің ертеңі-бүгінгі бүлдіршінді тәрбиелеу-ең негізгі мәселелердің бірі. Оны шешудің басты бір тармағы-эстетикалық тәрбиенің дұрыс қолға алынуы . Эстетикалық тәрбиеде ерекше роль бейнелеу өнерінің еншісіне тиеді. Бейнелеу өнері тәрбие құралы ретінде баланың жеке басының жан-жақты қалыптасуына тікелей әсерін тигізеді. Бейнелеу іс-әрекеті кезінде баланың ақыл ойы жетіледі, адамгершілік қасиеттері, жағымды мінез-құлқы ерекшеліктері қалыптасады, көтеріңкі көңіл-күй пайда болады. Олар болмысқа эстетикалық көзқарастарды қалыптастыратын сезімдерге біртіндеп ауысып, күнделікті өмірден, әсемдік пен сұлулықты қабылдау арқылы көркем өнердің алғашқы дағдыларына жаттықтырады.

Балалардың саусақпен, губкамен сурет салып, жұмыс істеуі саусақ моторикасының дамуы және тілінің дұрыс қызмет атқаруына әсер етеді. Баланың жан-дүниесі рухани жағынан нәр алып, оның айналадағы ортаны тану мүмкіндігі арта түседі. Алғашында бейнелеу өнерінің түрлері туралы түсініктер беріледі. Сурет салуға бейімдеу арқылы мүсіндеу, жапсыру арқылы сәндік қолданбалы өнерге, құрастыру сабағы арқылы сәулет өнерінің қыр-сыры жайында алғашқы түсінік беріледі дей келе өз баяндамасын аяқтады.

Сөйлемді: Құн тәртібіндегі төртінші мәселе оку - тәрбие жұмыстарының еткізулу барысы туралы бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлемеді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттермен мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты.

Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізуін бақылап жүргенін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барлық топта өткізуінде. Егерде тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне дайындығы төмен, көрнекіліктері дайын болмай қалған жағдайлар кездессе, тәрбиешілерге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің өткізуі барысы туралы айтты.

Сөйлемді: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша менгеруші Булекбаева ЖанараАкбердікызы сөйлеп, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру корытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және колданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жүргілетін оку-тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маңыздылығын айта келе, картотекаларға жақсы баға берді. Кейбір ойын құралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

Жарысsezге шыққандар: әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, көрмеге қойылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар қосу керек екенін айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

- 1.№3 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы" бойынша пікір алmasу, оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» атты баяндамада айтылған кеңестер ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылсын.
- 4".Оку - тәрбие жұмыстарының өткізуі барысы «жақсы» деп бағалансын.
- 5.Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру корытындысы «жақсы» деп бағаланын.

Педагогикалық



Ж.А.Булекбаева

Хатыны:

А.Е.Бектемирова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары
№5 хаттама

Откізілген орны: «Бәйшешек» бебекжайы

Откізілген күні: 30.05.2023 жыл.

Педкес мүшелерінің барлығы: 11 адам

Катысқаны: 11 адам

Катыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1. Откен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп**
- 2. 2023-2024 оку жылының қорытындысы**
- 3. Балалардың - Физикалық қасиеттерді дамыту;**
 - коммуникативтік дағдыларды дамыту;
 - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
 - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
 - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың – мониторинг қорытындысы
- 4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту**

Сөйлемді: Педагогикалық кеңесті бебекжай менгерушісі Булекбаева Жанар Акбердіқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстыруды.

Откен №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлемді.

Бебекжайда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқанын айттып отті.

Тындалды: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, 2023-2024 оку жылында жүргізілген оку тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы айтты. Оку жылында педагог кадрлармен, балалармен жүргізілген жұмыстар жылдық жұмыс жоспары бойынша толық өткізілді. Оку жылына алғынған мақсаттар мен міндеттер бойынша педагогтар: баяндалар, кеңестер оқып, тренингтер жүргізіп, ашық-ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, ертенгіліктер, ойын-сауықтар өткізіп жоспарға сай жұмыстар жүргізгенін айттып отті.

Жарыссе зеңгілдер: бебекжай менгерушісі Жанар Акбердіқызы Булекбаева сөйлеп, биылғы 2023-2024 оку жылындағы атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға беріп, педагогтарға шығармашылық ізденіс пен табыс тіледі.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбек жай әдіскері Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, балалардың

- Физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша қорытынды мониторинг нәтижесі туралы сөйледі.

Балалардың білімі күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің еткізіліп отыруына және талапқа сай жүргізуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айта келе қабілеті төмен балалармен жеке жұмыстар жүргізілгенін айтты.

Сөйледі : күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша әдіскер Бектемирова Ақбота Есенгельдыевна сөйлеп, жаз мезгілінің күн тәртібімен және ойн-сауық жоспарымен таныстыруды. Педагогтар жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысып, өз ойларымен бөлісті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінін орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
- 2 .2022- 2023 оку жылында жүргізілген жұмыстар «жақсы» деп бағаланып, келесі жаңа оку жылының міндеттері қорытынды бойынша алынсын.
3. Балалардың -Физикалық қасиеттерді дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша қорытынды мониторинг нәтижесіндегі балалардың білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оку тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
4. Жазғы мезгілінің күн тәртібіндегі ойн-сауықтар жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрағымы   **Ж.А.Булекбаева**

А.Е.Бектемирова